

НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКА ЖАҒДАЙЫНДА ТҰТЫНУ НЕСИЕСІНІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Сутбаева Р.О.

В этой статье рассмотрены теоретические аспекты потребительского кредита и его занимаемое место в экономике.

This article is about credit and its place in the market economy

Несие-нарықтық экономиканың тірегі ретінде экономикалық дамудың ажырамас элементін білдіреді. Оны барлық шаруашылық субъектілерімен қатар, мемлекетте, үкіметте, сондай-ақ жеке азаматтар да пайдаланады.

Құнның қозғалысы - бұл несиенің қозғалысының кіндігін сипаттайды. Несиелік қатынастардың пайда болатын экономикалық негізіне капитал айналымын жатқызуға болады.

Көбіне несие ақша ретінде түсінеді. Бір жағынан қарағанда бұған негіз де бар сияқты. Себебі, қазіргі шаруашылықта қарыз көбіне ақшалай түрде берілуде. Бірақ бұл жерде ақша мен несиенің әр түрлі ұғымды білдіріп, әр түрлі қатынастарды түсіндіретінін естен шығаруға болмайды.

Сонымен қатар, несие мен қаржы категорияларын бір санайтындар да аз емес, несие - бұл ақшалай қаражаттың екі жақты қозғалысын, яғни қаражаттың уақытша берілуін және уақыт өткен соң қайтарылуын баяндаса, ал қаржы - сол қаражаттың бір жақты қозғалысын бейнелейді, яғни қаржы: дотация, субвенция, субсидия түрінде берілсе, олар қайтарымсыз сипатқа ие.

Несие қатынасы банктер мен кәсіпорындардың, ұйымдардың арасында ғана болмайды. Ол сондай-ақ, бір жағынан несие жүйесінің және екінші жағынан, халықтың арасында да пайда болады. Несие алушыға халық, ал, несие берушіге банк жататын қатынасты тұтыну несие-нарықтарының мазмұны құрайды. Айрықша жағдайларда банк пен халықтың арасында делдалдық ететін үшінші тарапта болуы мүмкін, мысалы, теуерларды несиеге сататын, яғни мерзімінұзартып төлеумен тауарды несиеге бберетін сауда ұйымдарын айтуға болады.

Несие объективті қажеттіліктен туындаған және ол қоғамдық өндіріс процесінде маңызды рөл атқарады. Несие ақшалай капиталдық қарызға трансформациясын қамтамасыз етеді және несие берушілер мен қарызға алушылардың арасындағы қарым-қатынасты білдіреді.

Оның көмегімен мемлекеттің, халықтың, ұйымдардың және кәсіпорындардың табыстары мен бос (еркін) ақшалай қаражаттары жинақталып, уақытша пайдаланудың төлеміне аударылатын несие капиталына айналады.

Қазіргі уақытта қарызға ақша ұсынатын негізгі несие беруші - банк болып табылады. Ол кәсіпорындардың, ұйымдардың, кеңселер мен халықтың уақытша бос қаражаттарын шоғырландырып, оларды қарызға алушыға уақытша пайдалану үшін несие түрінде ұсынады. Бұл ретте банктен алған несие тек қарызға алушы ғана емес, сондай-ақ соңғысы да меншік иесіне тартылған ресурстарды қайтаруға міндетті. Бұл арада банк бір жағдайға несие беруші болса, екінші жағдайда— қарыз алушы болып көрінеді. [1]

Қарызға алушы - несиелік қатынастар жағы, несие алып, алған қарызды қайтаруға міндетті жағы. Қосымша ақшалай қаражатқа уақытша мұқтаждығы туғандар қарызға ақша алушылар болып табылады. Қазіргі заман талабына сай қарызға алушылар - кәсіпорындар, кәсіпкерлер, халық, мемлекеттер мен банктер болуы мүмкін. Алайда, қарызға алушы қарызға алынған қаражаттың меншік иесі болып табылмайды, өндіріс саласында, айналымда оны ол өз қалауымен қолданады. Бұл жағдайда ол алынған ақшадан гөрі, яғни шаруашылықта ауыспалы айналым қоры таусылғаннан кейін оны іске асырып, пайдаланғаны үшін өтемақы төлеп, қарызды артық көлемде төлейді.

Несиелік қатынастар пайда болатын және дамыған нақты экономикалық негізде қаражат айналымы мен ауыспалы айналым, яғни несиелік қатынастың материалдық негізі боп құн қозғалысы саналатын болады.

Қарызға алушына несиені кедей болғаны үшін алмайды, ол өзінің меншікті қорларының ауыспалы айналым мен капитал айналымының объективті күшпен толық шамада жетпей тұрғандықтан өз ісін алға бастыру үшін алады.

Несие объективті қажеттіліктен туындаған және ол қоғамдық өндіріс процесінде маңызды рөл атқарады. Несие ақшалай капиталдық қарызға трансформациясын қамтамасыз етеді және несие берушілер мен қарызға алушылардың арасындағы қарым-қатынасты білдіреді.

Оның көмегімен мемлекеттің, халықтың, ұйымдардың және кәсіпорындардың табыстары мен бос (еркін) ақшалай қаражаттары жинақталып, уақытша пайдаланудың төлеміне аударылатын несие капиталына айналады.

Несиелік мәміледе қарызға алушы несие берушіге тәуелді, оған несие беруші өз талаптарын қояды. Алайда, қарызға алушы мен несие беруші несие қатынастарының толық құқықты жақтары болып табылады. Олар міндетті түрде қатысуы керек және бұл жағдайда олар орындарын ауыстыруы мүмкін. Несие беруші - қарызгер болуы мүмкін. Несие беруші мен қарызға алушы өзара іс әрекеттерінде қарама-қайшылықтың бірлігі сипатын көрсетеді. Несиелік мәміленің қатысушылары ретінде олар оны қарама-қарсы жақтарында тұрады. Олардың мүдделері де бөлек, несие беруші неғұрлым жоғары пайыздық несие бергісі келеді, қарыз алушыға мүмкіндігінше арзан несие алып, қосымша қаржылар табу мүддесі болады. Несиенің бірнеше түрі бар. Солардың қатарында банк несиесі, ипотекалық несие, пайыздық несие және тұтыну несиесі бар. Солардың қатарынан тұтыну несиесін қарастырып өтелік.

Тұтыну несиесі – бұл жеке тұлғаларға тұтыну тауарларын сатып алу үшін және тұрмыстық қызметтерді өтеуге берілетін несие.

Тұтыну несиесі халыққа оның ағымдық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін беріледі. Оның ішінде, жеке шаруашылықтағы өндірісті дамытуға, құрылыс салуға, тұрғын үй жөндеуден өткізуге, ұзақ уақыт пайдалануға жарамды заттарды сатып алуға беріледі.

Халықты несиелеу халықтың өмір деңгейін арттыруға бағытталған мемлекеттік несие саясатының маңызды бөлігі болып табылады. Халық борышқор болудан қорқады, оның үстіне тұтыну несиесінің пайыздық мөлшерлемесі айтарлықтай жоғары, жылына 16-18%-ды құрайды.

Несие халыққа тауарлы формада және ақшалай формада берілуі мүмкін. Тауарлық формада халыққа тауарларды оның төлем мерзімін ұзарту мен сатуда

қолданылады, яғни бұл коммерциялық несиесі болып табылады. Ақшалай форма банк несиесі секілді халыққа тікелей немесе сауда желісі арқылы жанама түрде беріледі.

Несиеге объектісі бойынша Қазақстанда тұтыну несиесі мыналарға: кезек күттірмейтін қажеттілік (шұғыл мұқтаж) несиесіне, құрылыс салу және тұрғын үй сатып алу несиесіне ұзақ пайдалануға жарамды тауарларды сатып алуға арналған несиесіне және шаруашылықты ұйымдастырып, жүргізуге арналған несиесіне бөлінеді. [2]

Тұтыну несиесі белгілі бір дәрежеде табыстары біркелкі емес тұрғындардың өмір деңгейін салыстырмалы түрде теңестіреді, әр түрлі әлеуметтік топтардың тұтыну деңгейі мен құрылымының арасындағы айырмашылықты жояды.

Банктік тәжірибеде ссуданы өтеудің көзі болып өнімді өткізуден түскен табыс болуы мүмкін, ол қарызгер үйлестіруші болып табылады. Ол өнімді өткізуден түскен түсім болуы мүмкін немесе мүлік және қарызгер үйлестіруші болып табылады. Өнімді өткізуден түскен түсім – банктік ссуданы өтеудің негізгі қайнар көзі, бірақ ол несиені қайтарудың әрдайым арнасы бола бермейді, несиені қайтарудың кепілі болып қаржы тұрақты мекемелерде жүзеге асуы мүмкін.

Ол ұзақ пайдалануға жарамды тауарлардың салыстырмалы түрде жоғары бағасы мен халықтың ағымдағы табысы арасындағы және халықтың бір тобындағы ақша қорланымы мен оның басқа топтың пайдалану қажеттілігі арасындағы екі қарама қайшылықты шешіп береді.

Тұтыну несиесі банк операцияларымен тығыз аралысып кеткен. Мәселен, сатып алушылардың ұзақ мерзімді борыштық міндеттемесін сауда ұйымдары банктен ссуда алу үшін пайдаланады. Тұтынушыларға немесе банктен тікелей берілетін болса, сауда фирмасы мен банктің арасындағы – несиесі қатынасының артық буыны жойылады. [3]

Несиеге сатып алынған тауарларды сауда ұйымдары олардың ссудасын қамтамасыз етуші ретінде қарастырады.

Сондықтан да соңғы жарна төленгенше тауардың меншік құқығы сауда ұйымдарында қалады.

Өнеркәсібі дамыған елдерде тұтыну несиесінің бірнеше түрлері пайдаланылады. Алайда, олардың арасында тауарларды төлем мерзімін ұзартумен сатудың үлес салмағы басым.

Тауарларды несиесіне сатып алуда сатып алушы тауардың құнын ай сайынғы жарнамен төлеп қоймай, сонымен бірге, ол несиені пайдаланғаны үшін пайыз төлейді. Көптеген жағдайларда төлем мерзімін ұзартумен сатуда, тауардың бағасы комиссиялық сауда ұйымының мөлшеріне несиесі үшін алынатын пайыздан жоғары көрсетіледі.

Тұтыну несиесі көптеген елдерде маңызды рөл атқарады. Осыған орай ол мемлекет тарапынан реттеліп отыратын болады. Ол қадағаланады әрі банктік және коммерциялық несиелерге бақылау қойылады.

Экономика құлдыраған жағдайда мемлекеттің саясаты халықтың іскерлік белсенділігін арттыруға оларды ынталандыруға бағытталады. Бұл тұтыну несиесін алудың атап айтқанда қолма-қол ақшамен төленетін тауар бағасын

арзандату, несие мерзімін ұзарту, оның құнын кеміту секілді жеңілдікті шарттары енгізіледі.

Инфляция жағдайында керісінше қолма-қол ақшамен төлеудің үлесі артады, несиені пайдаланудың мерзімі қысқарады және пайыздық мөлшерлеме жоғарылайды.

Тұтыну несиесі халықтың тауарға деген сұранысын ынталандырады әрі олардың өндірілуі мен сатылуын арттырады.

Экономикалық мазмұны жағынан тұтыну несиесі банктік несиенің бір бөлігі ретінде, оның басты бағыты тек ғана тұлғалармен тікелей байланысты болып келеді. Сондықтан да, несиенің бұл формасының экономикасы дамыған елдерде кеңінен пайдаланудың екі түрлі себебі бар: біріншісі, субъективті, яғни бұл несие халыққа жоғарғы деңгейде материалдық игіліктерге қол жеткізуге қолайлы жағдай жасаса; екіншісі, объективті яғни кез келген қоғамның дамуының басты бір экономикалық мәселесі – бұл дайын өнімді өткізу десек, ендеше тұтыну несиесін қолдану аталған мәселені шешуге мүмкіндік береді. Тұтыну несиесі көптеген елдердің экономикасында маңызды рөл атқарады. Сондықтанда, оны мемлекеттік ұйымдар тарапынан белсенді, түрде реттеп отыру қажет. Мұндай реттеуді екі түрге бөледі: берілу және пайдалану деңгейінде реттеу. Берілу деңгейінде мемлекет тұтынушыларды ынталандыруға тиіс.

Қазақстанда тұтыну несиесі кеңінен дамып отырған несиеге жатады. Екінші деңгейдегі банктер тәжірибесінде тұтыну несиесінің мынадай түрлері қолдануда:

- Автомобильдік несие;
- Ұзақ мерзімде пайдаланылатын тауарлар сатып алуға берілетін несие;
- Тұрғын үйді жөндеу жұмыстарына берілетін несие;
- Кейінге қалдырмай қажеттіліктерге (оқу, емделу, демалу және т.с.с) берілетін несие.

Мұнда автомобильдік несие бойынша жаңа және жүрілген автомобильдерді банк несиесі көмегімен алуға болады.

Ұзақ мерзімде пайдаланылатын тауарларға мыналар жатады:

- Жиһаз;
- Сантехника;
- Аудио-видео және тұрмыстық техникалар;
- Компьютер және оргтехника;
- Басқа да тұтыну тауарлары.

Тұрғын үйді жөндеу жұмыстарына: үйдің ішінде және сыртында құрылыс және басқада жөндеу жұмыстарын жүргізу жатады.

Қазақстанда тұрғын үй құрылысын салуға және оны сатып алуға ұзақ мерзімді тұтыну несиесін беру үшін мамандандырылған мемлекеттік құрылыс-жинақ ақша банкісі құрылады. 2004 жылы халыққа берілген тұтыну инесиесінің мөлшері 122,1 млрд теңгені құрады, 2003 жылмен салыстырғанда 9,4% -ды құрады. [4]

Қорытынды

Қорыта келе қазіргі нарықтық экономикада тұтыну несиесінің алатын орны ерекше. Қай мемлекетті алмасақта несие берудің ең тиімді жолы, әрі дұрыс шешімі ретінде тұтыну несиесін құптайды

Тұтыну несиесі халыққа оның ағымдық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін беріледі. Оның ішінде, жеке шаруашылықтағы өндірісті дамытуға, құрылыс салуға, тұрғын үй жөндеуден өткізуге, ұзақ уақыт пайдалануға жарамды заттарды сатып алуға беріледі.

Несие халыққа тауарлы формада және ақшалай формада берілуі мүмкін. Тауарлық формада халыққа тауарларды оның төлем мерзімін ұзарту мен сатуда қолданылады, яғни бұл коммерциялық несие болып табылады. Ақшалай форма банк несиесі секілді халыққа тікелей немесе сауда желісі арқылы жанама түрде беріледі. Осы тақырыпта мақала жаза отырып экономикада несиесінің бұл түрі маңызды рөл ойнап, халықтың тұрымсына біршама үлкен көмегін тигізіп, маңызды орын алып отыр.

Әдебиеттер:

1. Хамитов. Н. Н. – «Банк ісі». Алматы: 2006 ж .
2. Мақыш С.Б. «Коммерциялық банк операциялары» Алматы-2002
3. Деньги, кредит, банки. Учебник под ред. Колесникова В. Питер-2001 г.
4. Сейтқасымов Ғ.С. «Ақша, несие, банктер». – Алматы: Экономика, 2005.;